

## Қазақстан Республикасының еңбек мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 10 наурыздағы N 84

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер енгізілсін:

1. 1972 жылғы 21 шілдедегі Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР Еңбек туралы заңдар кодексінде (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1972 ж., N 31 (қосымша); 1977 ж., N 11; 1980 ж., N 12, N 24; N 45, 141-құжат; 1982 ж., N 2, 25-құжат; 1983 ж., N 46, 500-құжат; 1984 ж., N 36, 447-құжат; 1985 ж., N 45, 457-құжат; 1986 ж., N 25, 242-құжат; N 28, 275-құжат; N 49, 507-құжат; 1987 ж., N 18, 227-құжат; N 43, 518-құжат; 1988 ж., N 16, 160-құжат; N 27, 277-құжат; 1989 ж., N 49, 445-құжат; 1990 ж., N 43, 404-құжат; N 44, 410-құжат; N 50, 467-құжат; 1991 ж., N 26, 348-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 112-құжат; N 13-14, 316-құжат; 1993 ж., N 3, 41, 56-құжаттар; 1994 ж., N 9-10, 147-құжат; 1995 ж., N 21, 126-құжат; N 23, 152-құжат):

92-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Жалақы кем дегенде жарты айда бір рет төленеді. Төленетін күндер ұжымдық және еңбек шарттарында (келісім-шарттарында) немесе келісімдерінде көзделеді.

Жалақы төленетін күндер демалыс немесе мереке күндеріне сәйкес келген жағдайда жалақыны төлеу олардың қарсаңында жүргізіледі.

Жұмыс берушінің кінәсінен жалақы төлеу, ал қызметкерді жұмысқа шығару кезінде оған тиесілі өзге де төлемдер белгіленген мерзімде салыстырғанды кідірітілген жағдайда жұмыс беруші берешек пен өсім төлейді.

Өсім мөлшері жалақыны төлеу жөніндегі міндеттемелер орындайтын күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаржыландыру ставкасы бойынша белгіленеді және жалақыны жүргізілуге тиіс уақыттың келесі күнінен бастап төлем жүргізілген күнді қоса алғанда мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін өсім есептеледі.

Кезектің демалыстың бүкіл уақыты жалақы кезекті демалысқа дейін кемінде бір апта бұрын төленеді.

Жұмыстан шығарылған кезде қызметкерге тиесілі барлық сомаларды төлеу соңғы жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі".

2. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1984 жылғы 22 наурызда қабылданған Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1984 ж., N 14 (қосымша); N 41, 534-құжат; 1985 ж., N 19, 190, 191-құжаттар; N 32, 325-құжат; N 45, 457-құжат; N 49, 513-құжат; 1986 ж., N 13, 122-құжат; N 25, 242-

құжат; N 31, 320-құжат; N 49, 506-құжат; 1987 ж., N 2, 19-құжат; N 16, 201-құжат; N 29, 356-құжат; N 32, 421-құжат; N 41, 503-құжат; N 46, 560-құжат; 1988 ж., N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 129-құжат; N 27, 208-құжат; N 45, 364-құжат; N 49, 444-құжат; N 50-51, 458-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96, 98, 100-құжаттар; N 13-14, 323-құжат; N 15, 380-құжат; N 16, 400-құжат; 1993 ж., N 3, 42-құжат; N 4, 70-құжат; N 8, 159, 161-құжаттар; N 9, 220, 222-құжаттар; N 20, 468, 469-құжаттар; 1994 ж., N 4-5, 60-құжат; N 8, 134-құжат; N 15, 207-құжат; N 21-22, 272-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41-құжат; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 15-16, 105-құжат; N 17-18, 110-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 177-құжат; N 14, 274 және 277-құжаттар; N 15, 281-құжат;

41-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"41-бап. Еңбек және еңбекті қорғау жөніндегі ережелер туралы  
з а ң д а р д ы б ұ з у

Меншік нысанына қарамастан, жұмыс берушінің (лауазымды адамның) еңбек туралы заңды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзуы (жалақыны кідірту мен еңбекті қорғау жөніндегі ережелерден басқасы),-

елу айлық есеп айырысу көрсеткішіне дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп  
с о ғ а д ы .

Меншік нысанына қарамастан, жұмыс берушінің (лауазымды адамның) немесе ұйым қызметкерінің жазатайым жағдайға душар етпеген еңбекті қорғау жөніндегі е р е ж е л е р д і б ұ з у ы , -

он айлық есеп айырысу көрсеткішіне дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады .

Ұжымдық және еңбек шарттарымен (келісім шарттарымен) немесе келісімдерімен белгіленгеніндей толық көлемінде және мерзімінде жалақыны төлеу жұмыс берушінің (лауазымды адамның) кінәсінен кідіртілуі, -

жиырма бес айлық есеп айырысу көрсеткішіне дейінгі мөлшерде айыппұл салуға  
ә к е п с о ғ а д ы .

Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген іс-әрекет әкімшілік жаза қолданылғаннан кейінгі бір жыл ішінде қайталанатын болса, -

елу айлық есеп айырысу көрсеткішіне дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп  
с о ғ а д ы " .

3. 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Заңымен бекітілген Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Үкіметінің Жаршысы, 1959 ж., N 22-23, 177-құжат; Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1987 ж., N 6, 66-құжат; N 11, 120-құжат; N 18, 228-құжат; N 29, 356-құжат; N 32, 421-құжат; N 35, 445, 446-құжаттар; N 41, 504-құжат; N 43, 521-құжат; N 45, 542-құжат; 1988 ж., N 15, 149-құжат; N 16, 159-

құжат; N 22, 229-құжат; N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 127-құжат; N 28, 212-құжат; N 37, 297-құжат; N 45, 364-құжат; 1990 ж., N 12-13, 114-құжат; N 22, 272-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96-құжат; N 13-14, 323-құжат; N 15, 380-құжат; 1993 ж., N 17, 402, 405-құжаттар; N 20, 469-құжат; 1994 ж., N 15, 207-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41, 42-құжаттар; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 12, 83-құжат):

125-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызметкерді жеке ой-пікірмен жұмыстан заңсыз шығару, соттың жұмысқа қайта алу туралы шешімін орындамау, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан ұйымның лауазымды адамының еңбек туралы заңдарды өзге де елеулі бұзуы (жалақыны кешіктіруден басқасы), -

жүз айлық есеп айырысу көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салу немесе бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу, немесе белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айырып не бұларды қызметінен босату арқылы жазаланады.

Лауазымды адамның ақша қаражатын өзге мақсаттарға жұмсауына байланысты жалақыны толық көлемінде және белгіленген мерзімде төлеуді бірнеше рет кешіктіруі,

-  
бір жылға дейінгі мерзімге түзету жұмыстарына жіберу немесе елу

айлық есеп айырысу көрсеткішіне дейінгі мөлшерде айыппұл салу, немесе бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымда болу, немесе белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айырып не бұларсыз қызметінен босату арқылы жазаланады.

Лауазымды адамның пайдақорлық мақсатпен жалақы төлеуді кешіктіруі -

үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру арқылы жазаланады".

Қазақстан Республикасының  
Президенті